




«БЕКІТЕМІН»



2021 ж.

МАГИСТРАНТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ/ЭКСПЕРИМЕНТТИК-ЗЕРТТЕУ  
ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Казтұтынуодағы ҚарУ-Е-42-2021

ҚАРАГАНДЫ – 2021



МАЗМҰНЫ		
1.	Мақсаты мен қолдану саласы	3
2.	Нормативтік сілтемелер	3
3.	Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар	3
4.	Жауапкершілік және өкілеттіктер	5
5.	Сипаттама	5
5.1	Жалпы ережелер	5
5.2	Магистранттың F3Ж/Э3Ж мақсаттары мен міндеттері	6
5.3	Магистранттарға ғылыми жетекшілік	7
5.4	MF3Ж/MЭ3Ж түрлері мен нысандары	7
5.5.	Магистранттың ғылыми/эксперименттік-зерттеу жұмысының нәтижелері	9
5.6	MF3Ж/MЭ3Ж орындалуын бақылау және магистрантты академиялық аттестаттаудан өткізу рәсімі	11
6	Шығару және тарату	13
7	Сактау	13
8	Қосымшалар	15
9	Танысу парагы	19



## 1. Мақсаты мен қолдану саласы

1.1 Осы Ереже магистрлер даярлауды қамтамасыз ететін немесе оған қатысатын, Қазтұтынудағы Қарағанды университетінің (ары қарай - Университет) кафедралары мен бөлімшелерінде магистранттардың ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмыстарын үйымдастыру, жоспарлау, өткізу және бағалау тәртібіне қойылатын жалпы талаптарды белгілеу мақсатында әзірленді.

1.2 Ереже магистранттарға, ғылыми жетекшілерге, магистранттар даярлап шығаратын кафедраларға, ЖООКБД қызметкерлеріне және магистрлерді дайындауға қатысатын университет бөлімшелеріне арналған.

## 2. Нормативтік сілтемелер

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

2.1	«Білім туралы» Республикасының Заңы	Қазақстан	27.07.2007ж. (өзгерістермен және толықтырулармен)
2.2	«Ғылым туралы» Республикасының Заңы	Қазақстан	18.02.2011 ж. (өзгерістермен және толықтырулармен)
2.3	Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Магистратура	Қазақстан	2018 жылдың 31 қазанындағы № 604 ҚР Үкіметінің Қаулысы (өзгерістермен және толықтырулармен)
2.4	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидалары	Қазақстан	2018 жылдың 30 қазанындағы № 595 ҚР Білім және ғылым Минistrінің бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен)
2.5	Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін үйымдастыру ережесі	Қазақстан	2011 жылдың 20 сәуіріндегі № 152 ҚР Білім және ғылым Министрінің бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен)
2.6	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру процесінің картасы ҚҚӘУ-ПК-19-2019	Қазақстан	02.09.2019

## 3. Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар

### 3.1. Терминдер мен анықтамалар

#### Ғылым

функциясы табигат, қоғам және ойлау заңдылықтарын зерттеу, табиғи байлықтарды ұтымды пайдалану және табиғи байлықтарды



**Магистр**

**Ғылыми-зерттеу  
жұмысы**

**Магистрлік  
диссертация**

**Магистрлік жоба**

**F3Ж туралы есеп**

тиімді пайдалану және қоғамды тиімді басқару мақсатында шындық туралы объективті білімді дамыту және теориялық жүйелеу болып табылатын адам қызметінің саласы;

Магистратураның білім беру бағдарламаларын игерген тұлғаларға берілетін дәреже; осыған дейін бар білімді кенейту және жаңа білім алу, ғылыми болжамдарды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын орнату, ғылыми жинақтау, жобаларды ғылыми негіздеу максатында ғылыми іздеумен, зерттеулер, эксперименттер жүргізумен байланысты, жұмыс;

ғылым мен техниканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген, таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті мәселенің теориялық және/немесе практикалық әзірлемелерін қамтитын дербес ғылыми зерттеу болып табылатын ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының оқуды бітіру жұмысы;

таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті мәселесінің қолданбалы міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және/немесе эксперименттік нәтижелерді қамтитын дербес зерттеу болып табылатын, бейіндік магистратура магистрантының оқуды бітіру жұмысы;

Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы деректерден тұратын, ғылыми/эксперименттік зерттеу процесі мен нәтижелерін сипаттайтын, құжат.

### 3.2 Қысқартулар

**МҒЗЖ**

**МӘЗЖ**

**Қазтұтынуодағы ҚарУ**

**ЖООКБД**

**ББ**

Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы

Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаменті

Білім беру бағдарламасы



## 4. Жауапкершілік және өкілеттіктер

4.1 Ережені енгізуге және қолдануға ЖООКБД жауап береді.

4.2 Осы Ереженің сапалы орындалуына магистранттардың ғылыми жетекшілері, магистранттарды даярлап шыгаратын кафедралардың менгерушілері жауап береді.

4.3 ЖООКБД кафедралардың менгерушілерінен, магистранттардың ғылыми жетекшілерінен осы Ереженің талаптарын орындауды растайтын құжаттарды сұратып алуға өкілетті.

## 5. Сипаттама

### 5.1. Жалпы ережелер

5.1.1 Педагогикалық магистратура үшін - магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (бұдан әрі - МҒЗЖ) немесе бейіндік магистратура үшін - магистрлік жобаны орындауды қамтитын магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі - МЭЗЖ) магистрлік бағдарламаның міндетті компоненті болып табылады.

5.1.2 Инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін магистранттың жеке жұмыс жоспарымен магистранттың ғылыми-зерттеу/эксперименттік жұмысы шенберінде, ғылыми үйымдарда және (немесе) өндірістің тиісті салаларындағы үйымдарда немесе қызмет салаларында ғылыми тағылымдамалардан міндетті өтулері көзделеді.

5.1.3 Олардың өтуінің әрбір кезеңінің соңында ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін магистрант есеп түрінде ресімдейді.

5.1.4 Ғылыми-зерттеу жұмысы ғылыми-педагогикалық магистратурада:

- магистрлік диссертация орындалатын және қорғалатын, магистратураның білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;

- өзекті болуы және ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызының болуы;

- ғылым мен практиканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі;

- ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін пайдалана отырып орындалуы;

- негізгі қорғалатын қағидалар бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерден тұруы;

- тиісті білім саласының озық халықаралық тәжірибесіне негізделуі тиіс.

5.1.5 Эксперименттік-зерттеу жұмысы бейіндік магистратурада:

- магистрлік жоба орындалатын және қорғалатын, магистратураның білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;

- ғылымның техника мен өндірістің қазіргі заманғы жетістіктеріне сәйкес келуі және нақты практикалық ұсынымдардан, басқару міндеттерінің дербес өзіндік шешімдерінен тұруы;

	Магистранттардың ғылыми/эксперименттік-зерттеу жұмысы туралы Ереже  <b>Қазтұтынудағы ҚарУ -Е-42-2021</b>	<b>Нұсқа 6 2021</b>  <b>стр.6 из 21</b>
--	---	---

- озық ақпараттық технологияларды қолдана отырып орындалуы;
- негізгі қорғалатын қағидалар бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінен тұруы тиіс.

5.1.6 МF3Ж/МЭ3Ж оку жұмысының өзге де түрлерімен қатар немесе жеке кезенге жоспарланады.

5.1.7 МF3Ж/МЭ3Ж Университеттің магистранттарды даярлап шығаратын кафедраларында тікелей орындалады.

5.1.8 Жыл сайын оку жылын аяқтағанда магистрант жеке жұмыс жоспарын орындау мәніне академиялық аттестаттаудан өтеді.

5.1.9 Магистрлік диссертация/магистрлік жоба магистранттың ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарының жын қорытындысы болып табылады.

5.1.10 Магистрлік диссертация (жоба) міндettі түрде басқа тілден аударылған мәтінді пайдалануды қоса алғанда, мағынасын өзгертпей (парафраз) сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік алмастыра отырып, көшіріп алынған материалдың бар-жогы және мәтіннің пайдаланылуы түрғысынан тексеруден өтеді.

5.1.11 Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау магистрлік диссертацияны/жобаны қорғауды, оны ресімдеу және қорғауды қамтиды.

## 5.2. Магистранттың F3Ж/Э3Ж мақсаттары мен міндettтері

5.2.1 MF3Ж/МЭ3Ж магистрлік даярлықтың білім беру бағдарламаларының құрамында, ел дамуының болашағын ескере отырып, рухани-адамгершілік қасиеттері жоғары, дербес ойлауға және қоғамның ілгерінді ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын қамтамасыз ететін, бәсекеге қабілетті жогары білікті кадралар дайындауға жәрдемдесетін болады.

5.2.2 Магистранттың ғылыми/эксперименттік-зерттеу жұмыстарының мақсаты - магистранттардың бойында кәсіби ойлауды және таңдаған білім беру бағдарламасы бойынша тиісті құзыреттерді қалыптастыру, дербес өздігінен ғылыми/эксперименттік-зерттеу жұмыстарының дағдыларын қалыптастыру, ғылыми, эмпирикалық және статистикалық ақпараттарды жүйелеуде және бағалауда аналитикалық білікті дамыту, зерттеудің заманауи әдістері мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, кәсіби қызмет саласында теориялық және практикалық білімді қолдануға дайын болушылықты қалыптастыру болып табылады.

5.2.3 Магистранттың ғылыми/эксперименттік-зерттеу жұмыстарының міндettтері болып мыналар табылады:

- олардың шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін ғылым мен техниканың маңызды міндettтерін шешуге пайдалану мақсатында магистранттардың білімін жүйелендіру және ұйымдастыру;

	<b>Магистранттардың ғылыми/эксперименттік-зерттеу жұмысы туралы</b> Ереже <b>КазАТЫНУОДАГЫ ҚАРУ -Е-42-2021</b>	<b>Нұсқа 6</b> <b>2021</b> <b>стр.7 из 21</b>
--	--	---

- магистранттардың бойында ғылыми зерттеуге қызығушылықты калыптастыру, оларды ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу міндеттерін өздігінен шешу әдістемесі мен тәсілдеріне үйрету;

- магистранттардың бойында шығармашылық ойлауды және дербестікті дамыту, алған теориялық және практикалық білімді тереңдегу және бекіту, магистрлік диссертация/магистрлік жоба бағыттарымен байланысты, ғылыми зерттеулер мен эксперименттік жұмыстарды іс жүзінде жүзеге асыра білуді дамыту.

### **5.3 Магистранттарға ғылыми жетекшілік**

5.3.1 Окуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде магистрлік диссертацияға (жобаға) жетекшілік жасау үшін ғылыми жетекші тағайындалады.

5.3.2 Ғылыми жетекші мен магистрант зерттеуінің тақырыбы Университет Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

5.3.3 Магистранттарға ғылыми жетекшілікті «ғылым кандидаты», немесе «ғылым докторы», немесе «философия докторы (PhD)»/ «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежесі, немесе «философия докторы(PhD)»/ «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі бар, сұратылып отырған бағытта тиісті бейіні бар, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде үш жыл, білім мен ғылым саласындағы уәкілетті орган бекіткен, ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылған, ғылыми басылымдар Тізбесіне кіретін, басылымдарда соңғы бес жылда 5 ғылыми мақаланың және JCR деректері бойынша импакт-факторға ие, халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда немесе Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index Web of Science Core Collection базаларының бірінде индекстелетін ғылыми журналда 1 ғылыми мақаласы жарияланған немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 25 процентиль көрсеткіші бар оқытушы жүзеге асыра алады.

5.3.4 Ғылыми жетекші МҒЗЖ/МЭЗЖ ұйымдастырылуын, оның сапалы ғылыми және әдістемелік қойылышын қамтамасыз етуге міндетті.

### **5.4. МҒЗЖ/МЭЗЖ түрлері мен нысандары**

5.4.1 Магистранттар даярлауды жүзеге асыратын кафедралар, магистрлік диссертациялар/жобалар тақырыптарының университет пен кафедраның ғылыми/эксперименттік-зерттеу қызметтерінің бағыттарына сәйкестігін және магистранттардың магистранттар даярлайтын кафедралар мен университет ФЗИ-ы орындайтын, ғылыми жобаларға қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

5.4.2 Магистранттардың ФЗЖ/ЭЗЖ-ы, ғылыми жетекшінің тікелей қатысуымен жасалатын олардың жеке жұмыс жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.



5.4. 3 Магистранттың жеке жұмыс жоспары оқудың алғашқы 2 айы ішінде магистранттың білім беру бағдарламасы бойынша бүкіл оқу кезеңіне жасалады және кажет болған жағдайда жыл сайын нақтылануы мүмкін.

Магистранттың жеке жұмыс жоспарына мына бөлімдер кіреді:

- 1) ЖОЖ (кажет болған кезде жыл сайын нақтыланады);
- 2) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (такырып, зерттеу бағыты, мерзімдері және есептілік нысандары);
- 3) практика (бағдарлама, база, мерзімдері және есептілік нысандары);
- 4) магистрлік диссертацияның (магистрлік жобаның) тақырыбы, негіздеумен және құрылымымен;
- 5) магистрлік диссертацияны (магистрлік жобаны) орындау жоспары;
- 6) ғылыми жарияланымдар, тағылымдамалар жоспары.

5.4.4 Жеке жұмыс жоспарында көрсетілген жұмыстардың барлық түрлерін магистранттардың уақтылы, толық және сапалы жасауына және орындауына магистранттардың ғылыми жетекшілері жауап береді.

5.4.5 Магистранттың ғылыми/эксперименттік-зерттеу жұмысы келесі нысандарда орындалуы мүмкін:

- ғылыми жетекшінің нақты тапсырмаларын магистранттың ғылыми/эксперименттік-зерттеу жұмысының бекітілген жоспарына сәйкес орындауы (магистрлік диссертация/жоба тақырыбы бойынша библиография жасау, проблема бойынша зерттеу ұйымдастыру және жүргізу, эмпирикалық деректер жинау және магистрлік диссертация/жоба тақырыбы бойынша оларды түсіндіру және т.б.);
- кафедрааралық семинарларға, теориялық семинарларға (зерттеу тақырыбы бойынша), сондай-ақ кафедраның ғылыми жұмысына қатысу;
- Университетте және басқа да ЖОО-лар мен ғылыми ұйымдарда өткізілетін ғылыми конференциялар жұмысына қатысу;
- магистрлік диссертация/жоба тақырыбы бойынша ғылыми мақалалар дайындау және жариялау;
- мемлекеттік бюджет, халықаралық ұйымдар қаражаты есебінен, Университеттің өз қаражаты есебінен немесе шаруашылық шарт негізінде орындалатын ғылыми-зерттеу тақырыптарына және жобаларына қатысу;
- МФ3Ж/МЭ3Ж орындау туралы есептер дайындау және қорғау (есеп нысаны 1-қосымшада берілген);
- магистрлік диссертацияны/жобаны дайындау және қорғау.

5.4.6 Магистранттардың ғылыми/эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу нысандары, магистрлік бағдарламалардың, магистрлік диссертациялардың/жобалардың ерекшелігіне қарай жеке жұмыс жоспарында нақтыланып, толықтырылып отырады.

5.4.7 Магистранттардың жүргізілетін ғылыми/эксперименттік-зерттеу жұмысы бойынша есептілік нысанын, ғылыми жетекші орындау үшін жоспарланатын МФ3Ж/МЭ3Ж нысандарына сәйкес анықтайды (тарау,



магистрлік диссертацияның/жобаның тармақшасы, ғылыми мақала, ғылыми конференцияға баяндама, жобаға қатысу және т.б.)

5.4.8 Магистранттар даярлап шығаратын кафедралар магистранттардың өздерінің ғылыми-эксперименттік-зерттеу жұмыстарын орындаудына мониторинг жүргізеді. Магистранттардың ФЗЖ/ЭЗЖ нәтижелері семестр сайын кафедра отырыстарында талқыланады және бағаланады. Магистранттардың ғылыми тағылымдамаларының нәтижелері магистранттар даярлап шығаратын кафедралардың жекелеген отырыстарында және кейін Фылым жөніндегі үйлестіру кеңесінде талқыланады.

5.4.9 МФЗЖ/МЭЗЖ оқытушымен контакттылық сағаттар аясында (бекітілген кестеге сәйкес) және магистранттың өздік жұмысы аясында жүзеге асырылады.

## 5.5 Магистранттың ғылыми/эксперименттік-зерттеу жұмыстарының нәтижелері

5.5.1 Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша оқитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері болып мыналар табылады:

### 1-ші семестрде:

- университеттің ғылыми кеңесінде бекітілген магистрлік диссертацияның тақырыбы;
- оларды жүзеге асырудың негізгі іс-шаралары мен мерзімдері көрсетілген, магистранттың әзірленген және бекітілген жеке жұмыс жоспары;
- диссертациялық зерттеу мақсаттары мен міндеттерінің қойылышы;
- зерттеу объектісі мен пәнін анықтау;
- таңдалған тақырыптың өзектілігін негіздеу және зерделенетін проблемалардың қазіргі жай-күйіне сипаттама;
- пайдаланылады деп болжанған методологиялық аппараттың сипаттамасы;
- зерттеудің теориялық базасы болып пайдаланылатын негізгі әдебиет көздерін іріктеу және зерделеу. Зерделенетін мәселенің теориялық аспектілерін ашатын дерек көздері, бірінші кезекте ғылыми монографиялар мен ғылыми журналдардағы мақалалар әдебиеттерді шолудың негізін құрауы тиіс;
- магистрлік диссертацияның кемінде 20% көлемін орындау;
- магистранттың жеке жұмыс жоспарында көзделген басқа да іс-шараларды орындау;
- МФЗЖ нәтижелерінің семестрлік аттестаттауынан өту.

### 2-ші семестрде:

- магистрлік диссертацияның тақырыбы бойынша теориялық материалды жүйелеу, ол өзекті ғылыми-зерттеу жарияланымдарын зерделеуге негізделеді және жүргізлетін зерттеу саласында жетекші ғалымдар алған негізгі нәтижелер мен қағидаларды талдаудан, олардың қолданылышылығын бағалаудан, сондай-

	<p>Магистранттардың ғылыми/эксперименттік-зерттеу жұмысы туралы Ереже</p> <p><b>Казтұнудағы ҚарУ -Е-42-2021</b></p>	<p>Нұсқа 6 2021</p>	<p>стр.10 із 21</p>
---	---	-------------------------	---------------------

ак тақырыпты әзірлеуге автордың қосатын болжанып отырған жеке үлесінен тұрады;

- магистрлік диссертация үшін практикалық материалды зерделеу және жинау, оған деректерді жинау методологиясын әзірлеу, нәтижелерді өндөу әдістері, олардың дұрыстығын бағалау кіреді;
- магистрлік диссертацияның кемінде 50% көлемін орындау;
- зерттеу тақырыбы бойынша кемінде 1-ші мақаланы жариялау және зерттеу нәтижелерін ғылыми конференцияда макұлдау;
- кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысына, оның ішінде ғылыми кафедралық тақырыпты орындауға және ғылыми, ғылыми-методологиялық семинарларға тікелей қатысу;
- магистранттың жеке жұмыс жоспарында көзделген басқа да іс-шараларды орындау;
- балл қойылумен МҒЗЖ нәтижелерінің жылдық аттестаттауынан өту.

### **3-ші семестрде:**

- диссертациялық жұмыс үшін статистикалық және эмпирикалық материалды өндөу және талдау, оған диссертациялық жұмысты аяқтау үшін материалдың жеткіліктілігін бағалау, диссертация тақырыбы бойынша кестелерді, графикалық кескіндерді және өзге де иллюстрацияларды әзірлеу және құру кіреді;
- магистрлік диссертацияның кемінде 75% көлемін орындау;
- кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысына, оның ішінде ғылыми кафедралық тақырыпты орындауға, ғылыми, ғылыми-методологиялық семинарларға тікелей қатысу;
- магистранттың жеке жұмыс жоспарында көзделген басқа да іс-шараларды орындау;
- МҒЗЖ нәтижелерінің семестрлік аттестаттауынан өту.

### **4-ші семестрде:**

- диссертация тақырыбы бойынша кемінде 1-ші ғылыми мақаланы жариялау және зерттеу нәтижелерін ғылыми конференцияда макұлдау;
- магистрлік диссертацияны 100% көлемде орындау;
- магистрлік диссертацияны «Магистрлік диссертация туралы Ереже» талаптарына сәйкес ресімдеу;
- ғылыми тағылымданадан өту;
- балл қойылумен МҒЗЖ нәтижелерінің жылдық аттестаттауынан өту;
- магистрлік диссертацияны қорғау.

**5.5.2 Бейіндік бағыт бойынша оқытын магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмыстарының нәтижелері болып мыналар табылады:**

### **1-ші семестрде:**

- университеттің ғылыми кеңесінде бекітілген магистрлік жобаның тақырыбы;



- негізгі іс-шаралар мен оларды іске асыру мерзімдері көрсетілген, магистранттың әзірленген және бекітілген жеке жұмыс жоспары;
- зерттеу пәнін, көлемін, мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- негізгі әдебиет көздерін іріктеу және зерделеу, магистрлік жоба тақырыбы бойынша теориялық материалды жүйелеу, ол өзекті ғылыми-зерттеу жарияланымдарын зерттеуге негізделеді және жүргізілетін зерттеу саласындағы жетекші ғалым-сарапшылар алған негізгі нәтижелер мен қағидаларды талдауды, олардың қолданылуышыны бағалауды, сондай-ақ тақырыпты әзірлеуге автордың косатын болжанып отырған үлесін қамтиды;
- магистрлік жобаның аналитикалық бөлімі үшін практикалық материалды зерделеу және жинау, оған деректерді жинау методологиясын әзірлеу, нәтижелерді өндөу әдістері, олардың дұрыстығын бағалау кіреді;
- магистрлік жобаның кемінде 50% көлемін орындау;
- магистранттың жеке жұмыс жоспарында көзделген өзге де іс-шараларды орындау;
- МЭЗЖ нәтижелерінің семестрлік аттестаттауынан өту.

## 2-ші семестрде:

- магистрлік жоба тақырыбы бойынша статистикалық және эмпирикалық материалды өндөу және талдау, оған жоба бойынша жұмысты аяқтау үшін материалдың жеткіліктілігін бағалау, зерттеу тақырыбы бойынша графикалық кескіндер және өзге де иллюстрациялар әзірлеу және құру кіреді;
- магистрлік жобаны 100% көлемде орындау;
- зерттеу тақырыбы бойынша кемінде 1-ші ғылыми мақаланы жариялау және зерттеу нәтижелерін ғылыми конференцияда макұлдау;
- ғылыми тағылымдамадан өту;
- кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысына, оның ішінде ғылыми кафедралық тақырыпты орындауға және ғылыми, ғылыми-методологиялық семинарларға катысу;
- магистранттың жеке жұмыс жоспарында көзделген басқа да іс-шараларды орындау;
- балл қойылумен МЭЗЖ нәтижелерінің жылдық аттестаттауынан өту;
- магистрлік жобаны «Магистрлік жоба туралы Ереже» талаптарына сәйкес ресімдеу;
- магистрлік жобаны қорғау.

## 5.6. МҒЗЖ/МЭЗЖ орындалуын бақылау және магистрантты академиялық аттестаттаудан өткізу рәсімі

5.6.1 Бакылаудың негізгі міндеттері: магистранттардың ғылыми/эксперименттік-зерттеу жұмыстарын бағалау, магистранттың жеке жоспарын орындаудың толықтығы мен сапасын қарау, магистрлік диссертацияны магистрлік жобаның нақты орындалуын анықтау, сондай-ақ



жаксы нәтижелерге жету мақсатында МҒЗЖ/МЭЗЖ үйымдастырылуына түзетулер жасау үшін ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

5.6.2 магистранттың ФЗЖ/ЭЗЖ орындауының барысын бақылау, магистранттың жетекшісі тарапынан ағымдағы бақылауды, сондай-ақ магистранттың жеке жұмыс жоспарының орындалуына семестрлік және жылдық аттестаттауды көздейді:

5.6.3 Ағымдағы бақылау кез келген сатыда және магистранттың жеке жоспарында көрсетілген жұмыстарды орындаудың әрбір кезеңінің сонында жүзеге асырылады. Магистрант ағымдағы бақылау жүргізу үшін ғылыми жетекшіге қажетті материалдар мен құжаттарды табыс етуге міндетті.

5.6.4 Ғылыми жетекшілер ағымдағы бақылауды келесі нысандарда жүзеге асырады:

- орындалған жұмыстардың жекелеген нәтижелері бойынша магистранттың есебі;
- диссертацияның/жобаның дайындық деңгейін және жариялаушылық белсенділікті бақылау;
- орындалған жұмыс нәтижелері бойынша әңгімелесу (оның ішінде on-line консультациялар нысанында).

Ағымдағы бақылау нәтижелері кейін семестрлік және жылдық аттестаттау кезінде ескеріледі.

5.6.5 Семестрлік және жылдық аттестаттау, жетекшілік ететін проректор бекітетін кестеге сәйкес, академиялық күнтізбемен анықталған кезеңде өткізіледі.

5.6.6 Семестр сайынғы аттестаттау жылына екі рет өткізіледі және МҒЗЖ/МЭЗЖ орындауы туралы магистранттың әрбір семестрде жазбаша есептер жасауын көздейді. Есеп құрылымы 1-қосымшада көрсетілген.

МҒЗЖ/МЭЗЖ нәтижелері туралы магистранттың есебі, аттестаттауға дейін кем дегенде 7 күн бұрын ғылыми жетекшіге табыс етілуі тиіс.

Ғылыми жетекші, магистранттың ғылыми-зерттеу/эксперименттік жұмыстарды орындау қорытындылары бойынша, магистрант есебіне магистранттың жеке жұмыс жоспарын орындау дәрежесі туралы қорытынды жасайды және «аттестатталды/аттестатталған жоқ» нәтижесін қояды (семестр үшін).

5.6.7 Магистранттың ғылыми/эксперименттік-зерттеу жұмысы туралы есебі ғылыми жетекшінің бұрыштама рұқсаттамасымен, кафедра отырысында сосын талқылау үшін магистрант даярлап шығаратын кафедраға табыс етілуі тиіс.

МҒЗЖ/МЭЗЖ орындау нәтижелері, сондай-ақ осы Ереженің 5.5 бөлімінде көрсетілген критерийлерді орындау дәрежесі, магистрант даярлап шығаратын кафедраның отырысында талқыланып, қабылданған шешім кафедра отырысының хаттамасына жазылады.

Талқылау қорытындылары бойынша ғылыми жетекші магистрантты академиялық аттестаттау ведомосін толтырады (2-қосымша). Магистрантты



академиялық аттестаттаудың толтырылған ведомосіне кафедра менгерушісі, магистранттың ғылыми жетекшісі қол қояды және ЖООКБД-не беріледі.

5.6.8 Магистранттың жеке жұмыс жоспарын орындаудың жылдық аттестаттау, академиялық күнтізбемен анықталған кезеңде, оқу жылының сонында өткізіледі. Бұл ретте МҒЗЖ/МЭЗЖ-ның накты оқу жылдындағы орындалу дәрежесін бағалау көзделеді. Магистрантты жылдық аттестаттау жылдық академиялық аттестаттаудың бағалау парагы (3,4-қосымшалар) және семестрлік есептер негізінде жүргізіледі.

Бағалау парагын магистранттың ғылыми жетекшісі толтырады және танысу үшін магистрант даярлап шығаратын кафедраға беріледі.

5.6.9 Магистрантты жылдық аттестаттау магистрант даярлап шығаратын кафедраның отырысында өткізіледі. Магистрант даярлап шығаратын кафедраның менгерушісі кафедра мүшелерін бағалау парагының нәтижелерімен таныстырады.

МҒЗЖ/МЭЗЖ орындалуын талқылау қорытындылары бойынша бағалау парагына және академиялық аттестаттау ведомосіне (2-қосымша) жылдық академиялық аттестаттау бойынша қорытынды баға қойылады. Бағалау парагы және толтырылған ведомосі ғылыми жетекші мен кафедра менгерушісінің бұрыштама рұқсатнамасымен ЖООКБД-не беріледі.

5.6.10 Орынды себепсіз академиялық аттестаттаудан өтпеген немесе оның қорытындылары бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған, окудың ғылыми-педагогикалық бағытындағы магистрант, МҒЗЖ-ның игерілмеген кредиттерін ақылы негізде жазғы семестр аясында игере алады. Орынды себепсіз академиялық аттестаттаудан өтпеген немесе оның қорытындылары бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған, окудың бейіндік бағытындағы магистрант, қорытынды аттестаттаудан өтуге жіберілмейді және университеттен шығарылады.

## 6. Шығару және тарату

6.1 Ереженің көшірмелерін шығаруды және таратуды ЖООКБД қамтамасыз етеді.

6.2 Ереженің көшірмелері магистранттар даярлап шығаратын кафедраларға және Сапаны қамтамасыз ету және аккредитация жөніндегі орталыққа жіберілуі тиіс.

## 7. Сақтау

7.1 Ереженің түпнұсқасы ЖООКБД-де, көшірмесі - Сапаны қамтамасыз ету және аккредитация жөніндегі орталықта сақталады.

## ӘЗІРЛЕГЕНДЕР:

Жоғары оқу орнынан кейінгі  
білім беру департаментінің директоры, э.ғ.к., доцент

О.А.Тян

	Магистранттардын ғылыми/эксперименттік-зерттеу жұмысы туралы Ереже	Нұсқа 6 2021	стр.14 из 21
КазТУның дағы ҚарУ -Е-42-2021			

ЖООКБД бас маманы,  
Э.Г.К., профессор

*Калқабаева*

Г.М.Қалқабаева

### КЕЛІСІЛДІ:

Ғылыми-зерттеу және  
интеграциялық қызмет жөніндегі проректор,  
Э.Ф.Д., профессор

*Г.Е. Накипова*

ҚБД директоры

*Ю.Н. Еремин*

Сапаны қамтамасыз ету және аккредитация жөніндегі орталық директоры  
Э.Г.К., доцент

*Д.Г. Кудикенова*



## 8. Қосымшалар

### 1-қосымша

Магистрант есебі

\_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасының \_\_\_\_ курсы  
оку жылының \_\_\_\_ семестріндегі ғылыми-зерттеу/эксперименттік жұмыстарды  
орындауды туралы

**1. Ғылыми-зерттеу жұмысы/эксперименттік-зерттеу жұмысы** – осы бөлімде көрініс табады:

1. магистрлік диссертацияның/магистрлік жобаның орындалуы туралы мәлімет (жоспарланған теориялық және эксперименттік зерттеулер аясында орындалған жұмыстардың түрлері мен сипаты, диссертацияның/жобаның аяқталушылық (дайын болушылық) дәрежесі және т.б.)

2. ғылыми конференцияларға және ғылыми жарияланымдарға қатысу туралы келесі нысан бойынша мәлімет:

№	Жарияланымдар атауы	Жұмыс сипаты	Баспа, журналдың атауы және нөмірі конференцияның атауы, жылы, беті.	Көлемі(б.т.)	Тек авторлардың тегі
1	2	3	4	5	6

3. университет, кафедралар ФЗЖ-ы аясында магистранттар жүргізетін ғылыми-зерттеу жұмысы туралы мәлімет (ғылыми кафедралық тақырыпка қатысу және орындау, шаруашылық шарт ғылыми тақырыптары мен ғылыми жобаларға қатысу, материалдар дайындау және ғылыми, методологиялық семинарларға, дәнгелек үстелдерге және т.б. қатысу)

4. практикалардан және ғылыми тағылымдамалардан өту нәтижелері туралы мәлімет.

**2.МҒЗЖ/МЭЗЖ орындалуын бақылау** – бұл бөлімде магистранттың жеке жұмыс жоспарын орындау дәрежесі туралы ғылыми жетекшінің қорытындысы және магистранттың ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмыстарын орындауының «аттестаттады/аттестаттады» нәтижесі (семестр үшін) көрініс табады.

Магистрант

(ТАӘ, қолы)

Ғылыми жетекші

(ТАӘ, дәрежесі/атағы, қолы)

	<b>Магистранттардың ғылыми/эксперименттік-зерттеу жұмысы туралы</b> Ереже <b>Қазтұнынудағы КаРУ -Е-42-2021</b>	<b>Нұсқа 6</b> <b>2021</b>	<b>стр.16 из 21</b>
--	--	-------------------------------	---------------------

**2-қосымша**  
**Ф.П.-42-01**

ҚАЗТҰНЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТИ

**МАГИСТРАНТАРДЫ АДЕМИЯЛЫҚ АТТЕСТАТТАУДЫҢ**

**№ ВЕДОМОСІ**

Топ \_\_\_\_\_ Курс \_\_\_\_\_

Оқу жылы \_\_\_\_\_

Кафедра \_\_\_\_\_

Кредиттер саны \_\_\_\_\_

№	Магистранттың ТАӘ	1 семестр		2 семестр		Жылдық	
		Аттестатта лдys/аттеста тталған жок	Ғылыми жетекші мен кафедра менгерушісінің ТАӘ, колы	Аттестатта лдys/аттеста тталған жок	Ғылыми жетекші мен кафедра менгерушісінің ТАӘ, колы	Бага	Ғылыми жетекші мен кафедра менгерушісінің ТАӘ, колы
1							
2							
3							

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінің директоры

\_\_\_\_\_ (коло )

Тіркеуши \_\_\_\_\_ (коло )

**Ескерту:**

- 1) 90-нан 100 балға дейін-«A», «A->»-«өте жақсы»;  
70-тен 89 балға дейін- «C+», «B+», «B», «B->»-«жаксы»;  
50-ден 65 балға дейін- «C», «C->», «D+», «D» - «қанагаттанарлық»;  
0-ден 49 балға дейін – «F», «FX»-«қанагаттанарлықсыз».
- 2) Ведомоске өзгерістер енгізуге рұқсат етілмейді.



### 3-көсімша

#### МАГИСТРАНТТЫ ЖЫЛДЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ АТТЕСТАТТАУДЫҢ БАҒАЛАУ ПАРАФЫ

МАГИСТРАНТТЫҢ Т.А.Ә  
ТОБЫ \_\_\_\_\_ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ \_\_\_\_\_

№	Магистранттың жеке жоспарының бөлімдері	Өлшем бірлігі	Белгі
1.	Жеке оқу жоспары	орындалды/орындалмады	
2.	Ғылыми-зерттеу жұмысы	орындалды/орындалмады	
3.	Педагогикалық практика	орындалды/орындалмады	
4.	Зерттеу практикасы	орындалды/орындалмады	
5.	Такырыпты негіздеу және магистрлік диссертацияның/жобаның құрылымы	орындалды/орындалмады	
6.	Магистрлік диссертацияны/жобаны орындау жоспары	орындалды/орындалмады	
7.	Магистранттың ғылыми жарияланымдар жоспары	орындалды/орындалмады	
8.	Магистранттың ғылыми тағылымдамалар жоспары	орындалды/орындалмады	
9.	Жылдық академиялық аттестаттау бойынша қорытынды баға	Балл, 4-көсімшага сәйкес	

Магистранттың ғылыми жетекшісі \_\_\_\_\_

Кафедра менгерушісі \_\_\_\_\_

	Магистранттардың ғылыми/эксперименттік-зерттеу жұмысы туралы Ереже	Нұсқа 6 2021	стр.18 из 21
ҚазТУның дағы ҚарУ -Е-42-2021			

#### 4-косымша

##### Магистранттың жеке жоспарды орындау дәрежесін бағалау жүйесі

Балл (процент)	Критерийлердің орындалу дәрежесін бағалаудың шамамен алынған деңгейі	Семестрдегі жұмысты бағалау
90-100	<p>МҒЗЖ/МӘЗЖ бағалау критерийлерін іске асыру бойынша барлық іс-шаралар мен әрекеттер барынша жедел, нәтижелі, сапалы және дербес өз бетінше, техникалық ілгерінділікпен орындалды;</p> <p>Магистрлік диссертацияны/жобаны жазу белгіленген мерзімдерде (немесе мерзімінен бұрын) және нәтижелі орындалды, кафедраның (университеттің) ғылыми-зерттеу жұмысын орындауға, оның ішінде ғылыми тақырыптарды орындауға белсene катысуын көрсетті, ғылыми жарияланымы бар және ғылыми конференцияға қатысты</p>	Магистрант аттестатталды
70-89	<p>МҒЗЖ/МӘЗЖ бағалау критерийлерін іске асыру бойынша іс-шаралар мен әрекеттердің негізгі бөлігі нәтижелі, ғылыми жетекшінің көмегімен, белгіленген мерзімдерге сәйкес орындалды;</p> <p>Магистрлік диссертацияны жазу негізінен белгіленген мерзімде кажетті нәтижелермен орындалды, кафедраның (университеттің) ғылыми жұмысын орындауға қатысты, ғылыми жарияланымы бар және/немесе ғылыми конференцияға қатысты</p>	
50-69	<p>МҒЗЖ/МӘЗЖ бағалау критерийлерін іске асыру бойынша іс-шаралар мен әрекеттер ішінәра немесе белгіленген мерзімдерді бұза отырып орындалды;</p> <p>жеке жоспарда көзделген, магистрлік диссертация/жоба жеткілікті толық көлемде ұсынылмады; кафедраның (университеттің) ғылыми жұмысын орындауда, оның ішінде магистранттың ғылыми тақырыптарды орындауға тиімді катыспағаны байқалады;</p> <p>ғылыми жарияланым әзірлемеде ғана бар</p>	
0-49	<p>МҒЗЖ/МӘЗЖ бағалау критерийлерін іске асыру бойынша іс-шаралар мен әрекеттерді магистрант орындаған; магистрант кажетті есептілік материалдарын орынды себептерсіз белгіленген мерзімде тапсырған жоқ; ФЗЖ блоктарын толық көлемде орындағады;</p> <p>магистрлік диссертацияны/жобаны орындау бойынша нәтижелер жоқ;</p> <p>ғылыми жарияланым жоқ, магистрант ғылыми конференцияға қатысқан жоқ</p>	Магистрант аттестатталған жоқ



## 9. Танысу парағы